ҚОҒАМ

АСТАНА ФОРУМЫНДА ҚАЗАҚСТАН МЕН НИГЕРИЯ СЕРІКТЕСТІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

2-бетте

АЙМАҚ

КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ТАПҚАН

3-бетте

АҚПАРАТ

ҰЛТ БОЛМЫСЫНЫҢ КӨРКЕМ КӨРІНІСІ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Республикалық қоғамдық-саяси газет

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №64 (1923) 5 маусым 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

232 МЫҢНАН АСТАМ АДАМҒА АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТІЛГЕН

Қасым-Жомарт Тоқаев Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпованы қабылдады. Мемлекет басшысына әлеуметтік даму, еңбек қатынастары салаларының қазіргі жай-күйі мен алдағы жоспары жөнінде баяндалды.

Светлана Жақыпова биылғы 1 мамырға дейін 157,8 мың адамды еңбекпен қамту шаралары жүргізілгенін жеткізді. Олардың ішінде 143,2 мың азамат жұмысқа орналастырылған. Жыл басынан бері 232 мыңнан астам адамға атаулы әлеуметтік көмек көрсетілген.

Президентке еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбек құқығын қорғау бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат берілді. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде өндірістік жарақат алу көрсеткіші биылғы I тоқсанда 17 пайызға төмендеді, ал өлімге әкеп соғатын қайғылы оқиғалар өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 5 пайызға азайды. Бұдан бөлек, кәсіптік тәуекелдерді анықтау, бағалау және алдын алу, сондай-ақ еңбек қатынастарын декларациялау тетіктерінің автоматтандырылған жүйесі енгізіліп жатыр.

Светлана Жақыпова Жобалардың инновациялық навигаторын енгізу жөнінде айтты. Бұл мемлекеттік инвестицияның тиімділігін арттыру және жұмыс орындарын сапалы түрде жоспарлау үшін әзірленді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлеуметтік қолдау көрсету үдерісін цифрландыру жұмыстары таныстырылды. Атап айтқанда, министр әлеуметтік-экономикалық орнықтылық пен осал отбасыны бағалауға арналған скорингті моделді қолдану тұжырымдамасын ұсынды. Бұл жобаны енгізу қаражатты шын мұқтаж жандардың пайдасына қайта бөлуге және қолдау шараларының нақты иесіне жетуіне мүмкіндік береді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы әлеуметтік саясатты одан әрі жетілдіруге, атаулы көмектің тиімділігін арттыруға, жұмыспен қамту шараларын кеңейтуге, еңбек және әлеуметтік салаларды цифрландыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

AKORDA.KZ.

ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

БАС МҮФТИ БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫН ӨТКІЗДІ

Астанада Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Құрбан айт мерекесіне байланысты баспасөз мәслихатын өткізді.

«Құрметті отандастар! Баршаңызды келе жатқан күллі исі мұсылман баласының ұлық мейрамы – Құрбан айтпен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге Алладан амандық, мықты саулық, мол ырыс пен бақ-береке тілеймін!

Алла қаласа, биыл қасиетті Құрбан айт мерекесі 6 маусымда басталады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірқатар алыс та жақын мұсылман елдерінің ғұламаларымен, пәтуа шығару орталықтарымен кеңесіп, осындай пәтуа қабылдады.

Сонымен бүгін қасиетті зұлхижжа айы басталды. Осы айдың алғашқы он күнінде барынша ынтамен ғибадат етіп, көбірек изгі істер мен жақсы амалдар жасауға тырысқан абзал. Өйткені, қасиетті хадис-шарифтерде осы айда орындалған игі істердің сауабы еселеніп жазылатыны айтылған» деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы.

«ST» АҚПАРАТ.

КОНФЕРЕНЦИЯ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ҰЛТ БОЛМЫСЫНЫҢ ӨЗЕГІ

Астанада ел руханиятына ерекше үлес қосқан көрнекті қаламгер, тұңғыш рәмізтанушы Ербол Шаймерденовті еске алуға арналған «Мемлекеттік рәміздер – елтаным негізі» атты республикалық конференция өтті.

Іс-шараға ҚР Парламенті депутаттары, қоғам және мемлекет қайраткерлері, тарихшылар, қаламгерлер мен мәдениет саласының өкілдері қатысты. Жиын барысында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің құттықтау хаты оқылды. «Ербол Шаймерденов саналы ғұмырын еліміздің мәдениеті мен баспасөзінің, тіл саласының өркен жаюына, мемлекеттік рәміздерімізді ұлықтауға арнаған тағылымы зор тұлға, біртуар азамат еді. Ол елтаңба мен тудың мемлекеттік рәміз ретінде қабылдану кезеңінде комиссия мүшесі ретінде үлкен жауапкершілікпен еңбек етті. Кейін бұл саланы терең зерттеп, дамытуға елеулі үлес қосты», делінген құттықтау хатта.

Конференция барысында ҚР Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым жөніндегі комитет төрағасы Нұртөре Жүсіп сөз сөйлеп, тарихи тұлғаның қазақ руханиятына сіңірген өлшеусіз еңбегін ерекше атап өтті.

Жиын аясында Ербол Шаймерденовтің архивтен алынған бейнематериалдары көрсетіліп, ұлттық рәміздер тақырыбындағы өлеңдері оқылды. Конференция рухани мұраны дәріптеумен қатар, мемлекеттік рәміздердің маңызын ұғындыруға бағытталды.

Бұл шара – тек өткенге тағзым ғана емес, жас ұрпаққа елдік пен егемендіктің символдарына деген құрметті сіңірудің жарқын үлгісі болды.

Г. ОМАРОВА.
Астана қаласы.

ІССАПАР

ҚОҒАММЕН АШЫҚ ДИАЛОГ – ЖАҢА САПАҒА ЖОЛ

Абай облысына жұмыс сапарымен келген ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев өңірдегі түрлі саланың өкілдерімен бірқатар маңызды кездесу өткізіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамалары мен стратегиялық бағыттарын кеңінен түсіндірді. Сапар аясында әлеуметтік қызметкерлермен, құқық қорғау құрылымдарымен, білім мен дін саласының мамандарымен ашық әрі мазмұнды диалог өрбіді.

Іссапар аясында алғашқы кездесу әлеуметтік қызмет саласының мамандарымен өтті. Мәлік Отарбаев жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысында айтқан басым бағыттарын жеткізіп, олардың ел дамуына әсері жайлы сөз қозғады.

«Президентіміз атап өткендей, ел болашағы үш негізгі құндылыққа – әділдікке, ұрпақтар сабақтастығына және өрлеуге негізделуі тиіс. Әділ шешім қабылдай алатын азамат қана қоғамға нақты пайда әкеле алады», – деді кеңесші.

Бұдан әрі құқық қорғау және әскери құрылымдардың өкілдерімен кездесу өтті. Онда «Заң мен тәртіп» қағидатының қоғамдағы орны мен өзектілігі басты назарға алынды. Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысының бағдарламалық баяндамасын мемлекеттік басқарудың өзекті құжаты ретінде бағалап, құқықтық мәдениетті қалыптастыру қажеттігіне тоқталды.

«Басты міндет – мемлекетті сақтау, тәуелсіздікті нығайту және мемлекетшілдік дәстүрді жалғастыру», – деді Президент кеңесшісі.

Жиында облыстық прокуратура мен полиция департаменті өкілдері, сондай-ақ ішкі істер органдары ардагерлері құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бағытындағы жұмыстар жайлы есеп берді.

Сапар соңында Мәлік Отарбаев Шәкәрім университетінің профессорлық-оқытушылық құрамымен және жас ғалымдармен кездесті. Бұл кездесуде ғылым мен білім саласындағы жаңа міндеттер мен реформалар талқыланып, жастардың белсенділігі мен жаңашылдығы – ел болашағының негізі екені атап өтілді.

Сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен діни бірлестіктердің өкілдерімен болған кездесуде қоғамдық келісім, ұлтаралық татулық пен рухани құндылықтарды сақтау жайы сөз болды. Мәлік Отарбаев бұл бағыттағы жұмыстардың ел ішіндегі тұрақтылықты қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратынын айтты.

Г. НАУРЫЗБАЕВА.
Абай облысы.

АКЦИЯ

ЖҮЗ МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМҒА ТЕГІН ЗАҢГЕРЛІК КЕҢЕС БЕРІЛДІ

Еліміздің 200 елді мекенінде «Халық заңгері» акциясы өткізілді. Аталған бастама аясында Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің, Қаржы мониторингі және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттіктерінің, Бас прокуратураның, Ішкі істер және Қорғаныс министрліктерінің өкілдері, сондай-ақ қалалық және аудандық әкімдіктердің мамандары, полиция қызметкерлері, сот орындаушылары әрі белгілі отандық заңгерлер, нотариустар, медиаторлар және тағы басқа азаматтардың өзекті сұрақтарына жауап берді.

Кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар әсіресе мемлекеттік кірістер комитеті қызметкерлерінің салық мәселелері мен банкрот рәсімдеріне байланысты тегін кеңестеріне үлкен қызығушылық танытты. Оларға салық жеңілдіктерін қолдану тәртібі мен салық міндеттемелері бойынша даулы жағдайларды реттеу жолдары түсіндірілді.

Бұл іс-шараға МКК өкілдерінің қатысуы азаматтардың нақты мәселелерін жедел шешумен бірге салықтық әкімшілендіру саласындағы халықтың қаржы сауаттылығын арттыруға септігін тигізді. Оның ішінде салық заңнамасындағы жаңа ережелерді түсіндіру мен кәсіпкерлік қызметте жиі кездесетін кемшіліктердің алдын алуға ерекше назар аударылды. Өзара байланыстың мұндай форматы салық төлеушілердің көкейкесті мәселелерін жедел шешуде тиімділігін байқатты.

Жалпы биыл аталған жоба арқылы 100 мыңдай адамға тегін заңгерлік кеңес берілді. Адамдар салық даулары мен банкроттықтан бастап тұтынушылардың құқықтарын қорғау мен тұрғын үйге байланысты көптеген мәселе бойынша көмек сұрады. Осы ретте заңдағы өзгерістер мен бизнеске арналған мемлекеттік қолдау шараларына қатысты консультациялық кеңеске сұраныс жоғары болды.

«Халық заңгері» бастамасы Үкіметтің қолдауымен өткізілді. Ал оны ұйымдастыруға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Әділет министрлігі, Zakon.kz порталы, «Параграф» ақпараттық жүйесі, Республикалық адвокаттар алқасы, мемлекеттік билік органдары, сондай-ақ Қазақстанның үздік заңгерлері мен адвокаттары атсалысты.

ҚР ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ.

ҮКІМЕТ

АСТАНА ФОРУМЫНДА ҚАЗАҚСТАН МЕН НИГЕРИЯ СЕРІКТЕСТІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектенов елімізге Астана халықаралық форумына қатысу үшін келген Нигерия Федеративті Республикасы Ифе Королі Оони Адейейе Энитан Огунвусимен кездесті.

Биылғы 14 қаңтарда «Абу-Дабидің орнықты даму апталығы» халықаралық саммиті аясында қол жеткізілген Қазақстан мен Нигерия президенттері арасындағы уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастыққа, АӨК, көлік және логистика, энергетика, геологиялық барлау, цифрлық технологиялар және басқа да салалардағы өзара іс-қимылға назар аударылды.

Өткен жылы Қазақстан мен Африка елдері арасындағы жалпы тауар айналымы 15,4 пайызға өсіп, 789,2 миллион долларды құрады. Аграрлық секторда қазақстандық бидайды Нигерияға жеткізілу келешегі қарастырылды. Көлік және логистика саласында Орта дәліз Қазақстанға Солтүстік және Батыс Африка нарығына тауар экспорттау үшін мүмкіндіктер ашады.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар Қазақстан мен Нигерия арасындағы екіжақты өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтуге жәрдемдесуге ниетті екенін растады.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

АЙМАҚ

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР ЕСЕБІНЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Шу ауданында халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық жобалар қарқын алуда. Бұл жұмыстар – заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару нәтижесінде мүмкін болып отыр.

Прокуратураның деректеріне сәйкес, қазіргі таңда мемлекетке қайтарылған активтердің жалпы сомасы шамамен 610 миллиард теңгені құрады. Оның ішінде 506 миллиарды – қаржылай қаражат, ал 103 миллиарды – мүліктік активтер. Осы қаражаттың бір бөлігі Шу ауданындағы әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысына бағытталған. Атап айтқанда, бес су құбыры нысанының құрылысы қаржыландырылып, үшеуінде құрылыс жұмыстары басталып кеткен.

Шу қаласындағы «Горгаз» шағынауданында инфрақұрылымның құрылысы басталғанын білдіретін «капсула» салу рәсімі өтті. Аудан әкімінің орынбасары Найманхан Әбдрашев өз сөзінде бұл нысан тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ететінін атап өтті.

– Адамдар «қайтарылған активтер қайда жұмсалуда?» деп жиі сұрайды. Бүгін біз нақты жауабын көріп тұрмыз. Бұл – халықтың тұрмысына тікелей әсер ететін маңызды инфрақұрылым. Мұның бәрі қайтарылған қаражат есебінен жүзеге асып жатыр, – деді ол.

Өз кезегінде аудан прокуроры Қайыржан Қуатбеков прокуратура мен жергілікті атқарушы органдардың тиімді өзара іс-қимылының маңызын ерекше атап өтті.

– Активтерді қайтару – тек есептегі сандар емес, бұл – қоғам игілігіне жұмсалатын нақты ресурс. Біз қаражаттың әр тиыны мақсатты әрі ашық жұмсалуын мұқият бақылауда ұстаймыз. Шу қаласындағы су құбырының құрылысы – прокуратура мен әкімдік бірлесе әрекет еткенде халық нақты пайда көретінінің айғағы. Ең бастысы, мұндай жобалар бір реттік емес, тұрақты үрдіске айналуы керек, – деді прокурор.

«Горгаз» шағынауданындағы құрылыс алаңы 1,2 гектарды құрайды. Жобаның жалпы құны 1,435 миллиард теңге, ал құрылыс мерзімі – 8 ай. Бас мердігер – «Интеллект Азия» ЖШС, жобалаушы – «BSS Group Engineering» ЖШС, техникалық қадағалаушы – «DACO Engineering» ЖШС. Осы мердігер мен жобалаушы «Жайсан» шағынауданында да ауызсу жүйесін тартып жатыр. Бұл нысан 1,5 гектар аумақта орналасқан. Жобаның құны – 990,9 миллион теңге, құрылыс мерзімі – 9 ай. Техникалық қадағалау «Жамбыл экспертиза» ЖШС қарамағында. Үшінші су жүйесі «Жанқұлиев» шағынауданында салынуда. Жоба құны – 1,078 миллиард теңге, мерзімі – 9 ай. Барлық жобалар бойынша тапсырыс беруші – аудан әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі.

– Құрылыс аяқталған соң жүздеген отбасы сапалы ауызсуға қол жеткізеді. Біздің басты мақсатымыз – сапалы әрі уақтылы аяқталған жұмыс, – деп түйіндеді Найманхан Әбдрашев.

Алайда, «Қосқұдық» шағынауданының тұрғындары басқа шындықпен бетпе-бет келіп отыр. Бірнеше жыл бұрын бұл аудан орталық су жүйесіне қосылғанымен, ауызсудың сапасы санитарлық талаптарға сай келмейді. Бұл мәселе жергілікті баспасөзде де бірнеше рет көтерілген.

– «Қосқұдық» тұрғындарының су сапасына қатысты шағымдарымен таныстым. Қазіргі жүйе ескі әрі тозған. Алайда, мәселені шешудің жолы бар. «Горгазда» су құбыры төселгеннен кейін, «Қосқұдық» жаңа желіге қосылатын болады, – деп сендірді Н.Әбдрашев.

Шенеуніктердің айтуынша, жаңа әлеуметтік нысандар халықтың өмір сүру сапасын жақсартып қана қоймай, билікке деген сенімді де арттыра түспек.

– Азаматтар мемлекет қаржысының қайда жұмсалып жатқанын білуге құқылы. Бүгін біз мақтанышпен айта аламыз: әрбір теңге Шу қаласының болашағына инвестиция ретінде жұмсалуда, – деді аудан әкімінің орынбасары.

А. ӘБІЛ.
Жамбыл облысы.

СЕМИНАР

КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ МЕН БАҚЫЛАУ ТЕТІКТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жамбыл облысында білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында маңызды жиын өтті. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті сала басшылары мен комплаенс-қызметіне жауапты мамандарға арнап «Білім беру жүйесінде №4 үлгілік бағытты тиімді іске асыру тетіктері» тақырыбында семинар ұйымдастырды.

Семинар барысында қатысушыларға қаржы тәртібін сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада көзделген шектеулер мен талаптарды орындау, мүдделер қақтығысының алдын алу, кадрлық іріктеудегі әділдік пен мемлекеттік сатып алулардың ашықтығын қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар, комплаенс-қызметінің рөлін күшейтудің нақты жолдары ұсынылды.

— Білім беру саласы – қоғамның тұрақты назарында тұрған маңызды бағыт. Бұл салаға қатысты арыз-шағымдар көп түсетіні белгілі. Сондықтан, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуда комплаенс-қызметінің орны ерекше. Оған жауапты мамандардың кәсіби біліктілігі мен адалдығы — басты кепіл, — деп атап өтті аталған департаменттің Превенция басқармасының басшысы Ержан Бақтыхожаев.

Семинарға қатысқан Жамбыл облысының әдеп жөніндегі уәкілі Ербол Бекпатшаев пен облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ләйлә Қызылқұлова комплаенс-қызметінің күнделікті жұмысына қатысты нақты бағыттар ұсынды. Атап айтқанда, ішкі бақылау мен тәуекелдерді бағалаудың жүйелілігін арттыру, бұзушылықтың алдын алу механизмдерін жетілдіру және басқарушылық шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету жайында бірқатар ұсыныс берілді.

Іс-шара барысында жобаларды іске асырудың әдістемелік негіздері, есеп нысандары, бағалау кестелері мен нұсқаулықтар егжей-тегжейлі түсіндірілді. Мамандар бұл бағыттағы нормативтік база мен тәжірибелік тәсілдерді терең талқылады.

Кездесу соңында қатысушылар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, комплаенс жүйесін тиімді енгізу және тәжірибе алмасу бойынша тың ақпараттармен қаруланып, күнделікті жұмысқа қажет нақты ұсыныстарға қанықты. Мұндай іс-шаралар саладағы ашықтық пен әділдік қағидаларын нығайта түспек.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Жамбыл облысы.

ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Сарысу ауданында әлеуметтік осал топтардың мүддесі тағы да назарға алынды. Аудан прокуратурасы жүргізген тексеріс нәтижесінде, 184 азаматқа берілген жалдамалы пәтерлерге қатысты айтарлықтай заң бұзушылықтар анықталды.

Атап айтқанда, тұрғын үйді жалдау ақысы негізсіз артық есептеліп, азаматтарға жалпы сомасы 668447 теңгеге қосымша қаржылық жүктеме түскені белгілі болды. Бұл — әрбір азамат үшін маңызды сома. Құқық қорғау органы бұл әділетсіздікке дереу назар аударып, заңдылықты қалпына келтіруге бағытталған шаралар қабылдады.

Прокурорлық қадағалау актісінің нәтижесінде жалдау ақысы қайта есептеліп, тұрғындар заңсыз артық төленген қаражаттан босатылды. Бұл – аудан халқының әлеуметтік құқықтарын қорғаудағы нақты әрі тиімді әрекеттің көрінісі.

Бұдан бөлек, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, кәмелетке толмаған төрт балаға тұрғын үй берілсе, тағы бір жетім жасөспірім тұрғын үй кезегіне тіркелді. Сөйтіп, прокуратураның араласуының нәтижесінде бұл балалардың өміріндегі маңызды әлеуметтік мәселе шешімін тапты.

Жалпы алғанда, жүргізілген тексеру мен қабылданған шаралар жемісін беріп, 197 азаматтың құқықтары қалпына келтірілді. Бұл жағдай Сарысу ауданында мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігі мен прокуратураның құқықтық қорғау функциясының нақты жүзеге асырылып жатқанын көрсетті.

Әлеуметтік әділеттілік — қоғамдағы тұрақтылықтың кепілі. Прокуратура өкілдерінің бұл жолғы әрекеті — соның айғағы.

Ә. НҰРАЛИЕВ.
Жамбыл облысы.

ПРОБАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

ЭЛЕКТРОНДЫ БІЛЕЗІК ҚАЙТАЛАМА ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ



Жамбыл облысында пробациялық бақылауда тұрған азаматтар арасындағы қылмыс қайталану деңгейі 2025 жылдың басынан бері өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20 пайызға төмендеді. Бұл – құқықбұзушылардың тәртіпке келіп, заң талаптарын сақтауға бет бұрғанының айғағы.

Мұндай оң өзгерістерге электронды бақылау құралдарының, нақтырақ айтқанда, электронды білезіктердің енгізілуі тікелей әсер еткен. Пробация қызметінің өкілдері осы арнайы құрылғылар арқылы бақылаудағы тұлғалардың қозғалысын «GPS» жүйесі арқылы қадағалап отырады. Барлық деректер орталық платформаға түсіп, қызметкерлердің жұмыс орнынан шықпай-ақ, жағдайды толық бақылауына мүмкіндік береді.

Үйде жазасын өтеп жатқан адамдарға бірқатар шектеу қойылады. Оларға қала сыртына шығуға, түнгі уақытта үйден шығуға тыйым салынған. Егер бұл талаптар бұзылса, жүйе автоматты түрде дабыл қағып, қызметкерлерге хабар береді. Электронды білезіктер су өткізбейтін материалдан жасалған және олар бақылаудағы азаматтарға бір жыл мерзімге тағылады.

Қазіргі таңда Жамбыл облысында пробациялық бақылауда 1570 адам тіркеуде тұр. Бұрын пробация қызметкерлері сотталғандардың үйіне барып, режимнің сақталуын жеке тексеретін. Енді бұл үдеріс айтарлықтай оңтайланып отыр.

– Бұрын біз әр айда бірнеше рет бақылаудағы тұлғалардың үйіне барып, тексеріс жүргізуге мәжбүр болатынбыз. Қазір олардың қозғалысын кеңседен шықпай-ақ қадағалауға мүмкіндік туды. Осы жүйе арқылы пробациялық бақылау тәртібін бұзу бойынша 50 құқықбұзушылық анықталды. Алдағы уақытта шартты түрде сотталғандардың барлығы электронды білезік тағатын болады, – дейді Тараз қаласы бойынша пробация қызметі бөлімінің басшысы Ғалымжан Әбдіразақов.

Электронды қадағалау – заманауи технологияны пайдалана отырып, қылмыстың алдын алуға, қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға бағытталған тиімді құрал. Бұл бастама еліміздің басқа да өңірлерінде оң нәтижесін беретіні анық.

Н. ЖОЛДАСБАЕВА.
Жамбыл облысы.

ҰЛТТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

ЖҰМЫССЫЗДАР МЕН СТУДЕНТТЕР ТАРТЫЛАДЫ

Биыл 1 тамыз бен 20 қазан аралығында елімізде ұлттық ауылшаруашылығы санағы өтеді. Маңызды науқанға Қызылорда облысы белсенді дайындалып жатыр.

Санақ барысында өңір бойынша 89 мыңнан астам үй шаруашылығы мен 11 мыңға жуық ауылшаруашылығы өндірушісі қамтылмақ. Бұл – ауылшаруашылығының нақты жағдайын анықтауға, саланы жүйелі жоспарлауға мүмкіндік беретін маңызды қадам.

Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Қайрат Әбсұлтановтың айтуынша, дайындық жұмыстары 1,5 жыл бұрын басталған. Үкімет жанынан арнайы комиссия құрылып, нормативтік-құқықтық база бекітілген.

– Өткен жылы Қызылорда қаласында және Сырдария мен Қазалы аудандарында пилоттық санақ өткіздік. Бұл тәжірибе әдістемемізді жетілдіруге, ақпараттық жүйелердің тиімділігін тексеруге көмектесті, – деді Қ.Әбсұлтанов.

БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылығы ұйымының халықаралық ұсынымына сәйкес, мұндай санақтар әр 5–10 жыл сайын өткізілуі тиіс. Алайда, Қазақстанда ауылшаруашылығы санағы соңғы рет 2006–2007 жылдары жүргізілген болатын.

Биылғы ерекшелік – өсімдік және мал шаруашылығы бойынша мәліметтер бір мезгілде жиналатын болады. Санақты жүргізу үшін жергілікті жұмыссыздар, студенттер және ниет білдірушілер қатарынан 200-ге жуық адамды интервьюер ретінде тарту жоспарланған.

Санақ алды кезеңі 1–30 маусым аралығында өтеді. Бұл уақытта мамандар Арал, Қазалы аудандары мен Байқоңыр қаласындағы жеке қосалқы шаруашылықтарды аралап, сауалнамаға қатысатын үй шаруашылықтарының нақты тізімін қалыптастырады.

Негізгі санақ 1 тамыз бен 20 қазан аралығында өтеді. Ол онлайн және офлайн форматта ұйымдастырылады. Онлайн қатысуды жеңілдету үшін аудан әкімдіктері мен статистика бөлімшелерінде арнайы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары ашылады.

Ж. АХМЕТЖАН.
Қызылорда облысы.

ФОРУМ

ОМАРТАШЫ МАМАНДЫҒЫ - ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Алматы қаласындағы Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп ғылыми зерттеу институтының ұйымдастыруымен Тараз қаласындағы «Самал» шипажайы ауласында «Омарташы мамандығы-тарих және қазіргі заман» тақырыбында Қазақстан омарташыларының форуымы өтті. Ұйымдастырушы - институттың аға қызметкері Ұлжан Нұралиева ауқымды іс-шара Президент тапсырмасына сәйкес, жұмыссыз мамандықтарының жылы аясында отандық және шетелдік ғалымдар мен омарташылардың қатысуымен өткізіліп отырғанын еске салды.

Жалпы елімізде 12 мыңнан аса омарташы бар. Олар 600 мыңнан аса ара ұясын ұстап, бал жинауда. Жылына шамамен алыс-жақын шетелге 450 тонна өнім экспортталады. Негізгі экспорттаушы елдер қатарында Өзбекстан, Біріккен Араб Әмірлігі мен Қытай бар. Енді Еуропа елдеріне экспорттау жоспарлануда.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында ауылшаруашылығы саласында ара және балық шаруашылығын дамыту қажеттігін сөз еткен болатын. Осының аясында омарташыларға да елеулі көңіл бөлінуде. Елімізде ара шаруашылығы соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Әсіресе, бұл кәсіпте жастардың белсенділігі артуда. Мемлекет тарапынан жас омарташыларға субсидия да бөлінуде.

Еліміз бойынша омарташылықпен айналысатын өңірлер қатарында Жамбыл облысы да бар. Өңірде ара өсірумен 500-ден аса омарташы айналысуда. Облыс аудандарының қатарында Меркі омарташылары алдыңғы орында. Біз қазір ондағы «Қарақоңыз» шатқалында отырған «Байжігітов», «Манапов» және «Асқаров» жеке кәсіпкерлік құрылымдарымен бірлесе жұмыс істеудеміз. Онда шамамен 15 омарташы еңбек етуде. Меркі ауданында жасаған зерттеулер аясында біз араның қазақстандық жаңа типін шығарудамыз. Жергілікті табиғатқа бейімделген «Асыл ара», яғни қазақстандық типті ара буданын айналымға енгізуге дайынбыз, - дейді ол.

Жиынды модераторы, омарташы, ғалым Олег Крупский ашып, жүргізді. Іс-шара аясында жас омарташыларға бағыт беріліп, жұмыс бағдары жан-жақты түсіндірілді. Хабарлама жасағандар ара өсірудің сан түрлі технологиясы мен ара шаруашылығын жетілдіру мақсатында мемлекет тарапынан қаралған жобаларды әңгімелеп, саланы ілгерілету жолындағы өздерінің ұсыныс-пікірлерімен бөлісті. Форум модераторлары тарапынан жақсы жұмыс көрсеткен омарташылар марапатталды. Сонымен қоса, ара өсірушілердің омарташылар жәрмеңкесі де ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтті.

А. ӘБІЛ.
Тараз қаласы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ТАПҚАН

Кен өндіру – жай ғана ауыр еңбек емес, ғылым мен техниканың үндестігінен құрылған күрделі өнер. Осы өнердің тынысын сезініп, күрделі құрылғылардың тілін тапқан мамандардың еңбегі көзге көрінбейді. Бірақ, ел игілігін көріп отыр. Мәселен, «Қарағайлы» кен байыту фабрикасының алып механизмдері күн сайын сан мыңдаған процеспен жұмыс істеп, жер қойнауындағы байлықты ел игілігіне айналдырып келеді.



Осы өндірістің үніне құлақ түріп, әр өлшемнің дұрыстығын қадағалап, жүйенің тынысын дәл басып отырған маманның бірі – жас маман Азамат Қабду. Дәлдік пен біліктілікті қажет ететін салада өзін шыңдап та, көрсетіп те келеді. Осындай жас мамандарды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында ел алдына шығарып, еңбегін көпке үлгі етуді жөн көрдік.

Азамат Мәдиұлының жұмысы бір қарасаңыз, ешқандай қиындығы жоқ секілді көрінеді. Бірақ, шындап келгенде атқарып жатқан еңбегінің қаншалықты зор екеніне көз жеткізуге болады. Өзі аталған фабрикада 2022 жылдан бастап, бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика слесары болып жұмыс істейді. Яғни, фабрика тынысын бақылап, жүйені қадағалап отыру – осы маманның басты міндеті.

Алып фабрикада түрлі бөлімдер бар. Солардың бірі – реагент бөлімі. Мұнда түрлі реагентке толы үлкен бөшкелер қойылған. Бөшке ішіндегі сұйықтық мөлшерін қадағалау үшін автоматтандырылған температура датчигі жұмыс істеп тұр. Егер сұйықтық бір мөлшерден асып кетсе немесе төмендесе, әлгі құрылғы белгі беріп, процесті автоматты түрде тоқтатып тастайды. Осы есептегіш құрылғының жұмысын қадағалап, сұйықтық мөлшерін бақылау – Азаматтың тікелей міндеті.

– Автоматтандырылған жүйе қол жұмысын азайтады. Әрине, мұнда жұмыс істеу үшін әуелі электрик жүйесінен хабарыңыз болу керек. Өз басым ауылда өскендіктен бе, жан-жақты хабарым болды. Бірақ, осы жұмысқа келгенімде әріптестерім көп нәрсеге үйретті. Жұмыс барысында әр бөлімге барып, құрылғыларды үздіксіз тексереміз. Істен шығып, немесе ескіргендері болса, ауыстырамыз. Бәрі біздің қадағалауымызда, – деді жас маман.

Одан бөлек, фабрикада руданы үгітетін алып диірмендер де жұмыс істеп тұр. Ал, диірмендер маймен жұмыс істейді. Жұмыс тоқтамасын десе, май мөлшері жеткілікті болуы шарт. Сондықтан май мөлшерін тұрақты қадағалау үшін мамандар мұнда май есептегішін орнатқан. Егер диірменге май жетпесе, автоматтандырылған құрылғы диірменді тоқтатады. Ұнтақтау цехында да температура қойылған. Егер есептегіш қызып кетсе, немесе істен шығып қалса, сол бөлімнің жұмысы тоқтайды. Ал, жұмыс тоқтаса, жоспар орындалмай қалуы бек мүмкін. Ол дегеніңіз қыруар шығын.

– Биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялағанын естігенде қуанып қалдым. Өйткені, бұл біз сияқты қарапайым еңбек адамдарына көрсетілген құрмет деп білемін. Біздің жұмыс көзге көріне бермейді. Бірақ, фабрикадағы бүкіл процестің дұрыс жүруі тікелей осы салаға байланысты. Мен үшін бұл – жай ғана жұмыс емес, үлкен жауапкершілік. Ел ішінде жұмысшы мамандықтарына деген көзқарас өзгеріп, жастар арасында да қызығушылық арта түседі. Ең бастысы – әр адам өз ісінің шебері болуға ұмтылуы керек. Мен сол жолда еңбек етіп келемін, – деді Азамат Қабду.

Бүгінгі өндірістің тірегі – жас мамандар. Ал, Азамат Мәдиұлы кәсіп жолында өз орнын тауып, ерінбей еңбек етіп келеді. Күрделі механизмдерді меңгеріп, автоматтандырылған жүйелермен жұмыс істеп, өндірістің алдыңғы шебінде жүр. Осындай жас мамандардың арқасында ел экономикасының іргесі бекіп, өндіріс өркендейді.

Е. ЕРБОЛАТ.
Қарағанды облысы.

АГРОӨНЕРКӘСІП

СОЛТҮСТІККАЗАҚСТАНДЫҚТАР СҮТ ӨНДІРУДЕН ЖЕТЕКШІ ОРЫНДА

Солтүстік Қазақстан облысында сүтті бағыттағы мал шаруашылығын дамыту жалғасуда. Оған мемлекеттік қолдау шаралары ықпал етіп отыр, деп хабарлайды Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңір республикада жалпы сүт өндіру көлемі бойынша Түркістан облысынан (447,1 мың тонна) кейін екінші орында тұр. Облыста өткен жылы 370,6 мың тонна сүт сауылған. Яғни, өңір агроқұрылымдары сүт өндіру көлемі бойынша республикалық көрсеткіштің 16 пайызын құрайды.

Облыс аумағында 110 тауарлы-сүт фермасы жұмыс істейді, оның 42-сі – 400-ден 1800 басқа дейінгі мал басына шақталған өнеркәсіптік үлгідегі қазіргі заманғы сүт кешендері. Ұйымдасқан шаруашылықтар өңірдегі сүт өндірудің жалпы көлемінің 60 пайыздан астамын қамтамасыз етеді.

2023 жылы Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесіне негізделген ауқымды республикалық бағдарлама шеңберінде сүтті мал шаруашылығын дамытуға 100 миллиард теңге бөлінді, оның 17 миллиард теңгесі біздің өңірге бағытталды. Бұл қаражат 11 мыңнан астам ірі қара ұстауға есептелген 19 жобаны қаржыландыруға мүмкіндік берді. Толық қуатқа шыққаннан кейін жаңа кәсіпорындар жылына қосымша 70 мың тоннаға дейін сүт өндіре алады. Бұл жобалардың 17-сі өткен жылы пайдалануға берілді, екі жоба биыл аяқталады. Республика бойынша осы жылы барлығы 39 жаңа тауарлы-сүт фермасы салынды, оның төртеуі Солтүстік Қазақстан облысында бой көтерді.

Облыс былтыр қосымша тағы 6 миллиард теңге алды. Бұл қаржыға 8 жаңа жоба іске асырылуда. Биыл салынатын жалпы саны 7 мың бас ірі қара бағылатын 11 тауарлы-сүт фермасын қоса санағанда, 22 жаңа жобаны іске асыру үшін 17 миллиард теңге бөлу жоспарланған. Бұл нысандар жыл сайын қосымша 47 мың тонна сүт өндіруді қамтамасыз етеді.

Соңғы бес жылда Солтүстік Қазақстан облысының ауылшаруашылығы құрылымдарында сүт өндіру көлемі 56 пайызға, яғни 92,5 мың тоннадан 165,3 мың тоннаға дейін өсті. Өсім 72,8 мың тоннаны құрады. Бұл – мемлекеттік қолдаудың тиімділігінің және өңірдегі сүт саласының тұрақты дамуының көрсеткіші.

Осылайша Солтүстік Қазақстан облысы еліміздегі сүтті мал шаруашылығының негізгі орталықтарының бірі ретінде өз позициясын нығайтуды жалғастыруда. Заманауи технологияларды енгізуге және өндірістік қуаттарды кеңейтуге бағытталған саланы дамытуға жүйелі көзқарас өңірге ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз етіп қана қоймай, өнім экспорты үшін әлеуетті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«ST» АҚПАРАТ.

ӘРТАРАПТАНДЫРУ

САРҚАНДЫҚ ДИҚАНДАР ЗЫҒЫР ӨСІРЕ БАСТАДЫ

Биыл сарқандық диқандар алғаш рет мәдени дақыл саналатын зығыр тұқымын екті. Фермерлер ылғал үнемдейтін технологияларды қолдануды жоспарлап отыр. Олардың пікірінше, бұл жаздың құрғақшылығында аталған дақылға күтім жасаудың ең тиімді әдісі болмақ.

Шаруашылық жетекшісі Ғалым Рахметқалиев ауылшаруашылығы дақылдарын өсірумен 26 жылдан бері айналысып келеді. Негізінен ол майбұршақ пен жүгері сияқты бұршақ дақылдарына басымдық береді.

Ол биыл жаңа бағыттарды игеру туралы шешім қабылдап, алғаш рет майлы зығыр мен күнбағыс дәнін еккен. Барлығы 100 гектар алқапқа зығырдың «орташа Лирина» сортын сепкен шаруа күзде гектарынан 20-25 центнерден өнім жинаймыз деп жоспарлап отыр. Өңірде майлы дақылды өңдейтін бірнеше кәсіпорын бар. Сол себепті шикізат өткізуде еш кедергі болмайды. Өйткені, қазірдің өзінде оған сұраныс бар.

– Майлы дақылдар дәнді дақылдарға қарағанда үнемді болды. Соңғы жылдары оларға сұраныс төмендеді. Сондықтан біз толық майлы дақылдарға көшсек деп отырмыз. Зығырдан жақсы май алынады. Оның өнімділігі шамамен 50 пайызды құрайды, – дейді Ғалым Рахметқалиев.

Жыл сайын шаруашылықта мың гектарға жуық жер игеріледі. Жаздың құрғақшылығын ескере отырып, олар ылғал үнемдейтін технологияларды қолданудың маңызды екенін түсінді. Сондайақ ол биыл 100 гектар жерге егілген күнбағысқа ылғал үнемдейтін технологияны қолданбақ.

Айта кетейік, аудандағы егістіктің жалпы алаңы 100 мың гектарға жуық. Олардың негізгі бөлігі дәнді және майлы дақылдарға арналған. Егістіктен мол өнім алу үшін фермерлер ауылшаруашылығы машиналары паркін жаңартпақ.

– Өткен жылы фермерлер 3,5 миллиард теңгеге ауылшаруашылығы машиналарын сатып алды. Ал, биыл 1 миллиард теңгеге жуық техника алынды. Бұл топырақты өңдеу мен дақылдар өсіруде озық технологияларды қолдануға, өнімділікті арттыруға және ауылшаруашылығы өнімдерінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, – дейді аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Жандос Өмірсадық.

Осы маусымда аймақта майлы дақылдарға 95 мың гектарға жуық ауылшаруашылығы алқабы бөлінді. Оларды себу жұмыстары аяқталуға таяу.

А. БАЙБОСЫНОВА.
Жетісу облысы.

ҚЫЛҚАЛАМ

ҰЛТ БОЛМЫСЫНЫҢ КӨРКЕМ КӨРІНІСІ

Ұлттық рухты сақтау — ұлт ретінде сақталудың басты шарты. Ал, осы рухтың, осы болмыстың шынайы бейнесін жеткізудің ең терең, ең әсерлі тәсілдерінің бірі – бейнелеу өнері, соның ішінде кескіндеме. Бұл өнер түрі арқылы халықтың салт-дәстүрі, рухани-мәдени болмысы, тарихы мен тағдыры көркем тілмен, бояумен бейнеленеді.



Сурет өнері — үнсіз тіл. Ол тарихты, тұлғаны, табиғатты сөзсіз сөйлетеді. Бірақ, ең бастысы – ұлттың жаны мен жүрегін бейнелей алады. Қазақтың кең байтақ даласы, көшпелі өмір салты, жылқы мінезділігі, қонақжайлығы мен ерлік дәстүрі – осының бәрі көркем туындыларда көрініс тапқан.

Суретші – шежіреші. Ол қылқалам арқылы халқымыздың өткені мен бүгінін, болмысын, арманы мен арпалысын ұрпаққа жеткізеді. Сондықтан сурет өнері – тек эстетикалық ләззат беретін сала емес, ол – ұлттың рухани кодының көркем көрінісі.

Қазақ кәсіби кескіндемесінің негізін қалаушы – Әбілхан Қастеев. Оның «Ескі мен жаңа», «Түрксіб», «Колхоздың сүт фермасы», «Қыз Жібек» сынды картиналарында қазақ қоғамының өткені мен жаңарған заманы шебер суреттеледі. Қастеев ұлттық колоритті – киіз үй, домбыра, мал шаруашылығы, ұлттық киімдер, әйел бейнесі арқылы тамаша жеткізе білді.

Қастеевтің туындылары – қазақ тіршілігінің көркем шежіресі. Оның картиналарынан ұлттық киім үлгілерін, дәстүрлі тұрмыс заттарын, қазақ әйелінің нәзіктігі мен еңбекқорлығын, дала ерлерінің қажырлығын көре аламыз.

Қазақ бейнелеу өнерінде ұлттық құндылықтарды жаңаша тануға ұмтылған суретшілердің қатары бүгінде де көп. Олар фольклорлық элементтерді, ою-өрнек пен мифологиялық бейнелерді кескіндеме тіліне айналдырып жүр. Домбыра бейнесі, батырлар, эпостық кейіпкерлер, көшпелі өмір – бұлар ұлттық танымның басты белгілері.

Суретші Айша Ғалымбаева, Гүлфайрус Исмаилова, Сабыр Мәмбеев сияқты тұлғалар әйел бейнесі, қазақ қызының ибалығы мен ішкі әлемін көрсету арқылы ұлттық рухты көтеріп, дәстүрдің нәзік иірімдерін жеткізе білді.

Қазіргі жас суретшілер арасында да этномәдени бағытта ізденіс жасап жүргендер көп. Олар дәстүрлі символиканы жаңа стильмен біріктіру арқылы көрерменге таныс дүниені басқа қырынан таныстады. Бұл — дәстүр мен жаңашылдықтың үндестігі.

Бүгінде ұлттық тәрбие – білім беру жүйесінің негізгі бағытына айналуда. Осы орайда бейнелеу өнері сабағында тек сурет салу техникасы ғана емес, ұлттық өрнек, дәстүр, мәдениет элементтері де оқытылуы тиіс. Баланың қылқалам арқылы ою салуы, киіз үй бейнелеуі, тұлпардың кескінін жасауы – ұлттық дүниетаныммен жақындасуының бір жолы.

Сурет тек қабырғаға ілінетін туынды емес, ол – идеология. Кескіндеме арқылы біз ұлтты тәрбиелей аламыз. Ол үшін көркемдікке ғана емес, ұлттық мазмұнға назар аудару қажет.

Сурет өнері – мәңгілік. Ал, егер ол ұлттық болмысқа қызмет етсе, онда оның өміршеңдігі де, құндылығы да арта түседі. Бүгінгі ұрпақ батырлар жырын оқымаса да, сурет арқылы Қобыландыны, Алпамысты, Домалақ ананы, Қыз Жібекті танып-біле алады. Сурет — визуалды жады. Ол ұлтты сақтайды, болмысты бекітеді.

Ұлттық құндылықтар мен бейнелеу өнері – бір-бірін толықтыратын қос қанат. Осы екеуінің үйлесімі арқылы біз ұлттық сана мен көркем мәдениеттің алтын көпірін құра аламыз.

«Қай өнер туындысында ұлттық рух болмаса, ол — тек көрініс қана. Ал, рухты өнер – ұрпаққа өсиет, ұлтқа қызмет».

А. СӘРСЕН,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Мәдениет және өнер факультетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының оқытушысы, магистр. Шымкент қаласы.

БРИФИНГ

ҚАЛА ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ – ӨНЕРКӘСІП

Жамбыл облыстық коммуникациялар қызметі алаңында Жаңатас қаласының әкімі Ілияс Домалақов 2025 жылдың бес айында атқарылған жұмыстар бойынша баспасөз мәслихатын өткізді.

Хабарламашы Жаңатастағы саяси ахуалдың тұрақты екенін және этномәдени орталықтардың қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жатқанын атап өтті. Тұрғындардың 39,7 пайызы – экономикалық белсенді. Оның ішінде 33,6 пайызы – жалдамалы жұмысшылар, 1154 азамат – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, ал 394 адам жұмыссыз ретінде тіркелген.

Қала дамуының негізгі бағыты – өнеркәсіп. Қала аумағында 5 ірі өнеркәсіп нысаны жұмыс істейді. Ауылшаруашылығы саласында 18 шаруа қожалығы тұрақты жұмыс жасап, 56 адамды жұмыспен қамтып отыр. Сонымен қатар, мал басының саны 420 басқа артқан. Жыл басынан бері қалада 10 рет азық-түлік жәрмеңкесі өткен.

Биыл Жаңатас қаласы бойынша 6 инвестициялық жоба нақтылану үстінде екені де мәлім болды. Қаладағы кәсіпкерлік, инфрақұрылым және әлеуметтік саладағы даму көрсеткіштерін еске салсақ, бүгінде қала бойынша 1953 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2285 бірлікке артып отыр. Аталған кәсіпкерлік нысандары арқылы 2984 азамат тұрақты жұмыспен қамтылған. Баспана мәселесіне келер болсақ, қазіргі таңда тұрғын үй кезегінде 1462 азамат, ал жер телімін алу кезегінде 1302 азамат тіркелген.

Инфрақұрылым жүйелері бойынша жалпы ұзындығы 61,2 шақырымды құрайтын 76 көшенің 42-сі толықтай асфальталған. Қалған 34 көшеде газ құбырларын жүргізу жұмыстары аяқталған соң, оларды орташа жөндеуден өткізу алдағы жоспарға енгізілген.

Дене шынықтыру және мәдениет саласына келер болсақ, қала аумағында 12 білім беру нысаны мен 3 спорт мектебі тұрақты түрде жұмыс істеп келеді. 2025 жылдың басынан бері қалада 157 мәдени іс-шара ұйымдастырылып, оған 7500-ге жуық адам қамтылған.

Қала әкімі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін толғандырған сұрақтарға нақты жауап қайтарды.

Н. АЙТБЕК,
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің конвергентті журналистика білім беру бағдарламасының 3-курс студенті. Жамбыл облысы.

ДІН ПРОБЛЕМАСЫ

ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның қабылданғанына биыл 13 жылдан асты. Бұл заңның біздің қоғам үшін маңызы орасан зор. Ол азаматтық қоғам қалыптастыруды ілгері жылжытуда айтарлықтай ықпал ете алды. Соның арқасында талай қиындықтарды заң талабымен ауыздықтап, халыққа зардабын азайтуға сеп болды.

Дін дегеніміздің өзі – адамның талбесіктен жер бесікке жеткенше өзімен бірге жүретін, жандүниесіне әсер ететін әлеуеті мол дүние. Сондықтан қандай да бір зайырлы мемлекет дінге қатысты өзінің ұлттық заңнамасын түпкілікті айқындап алуға міндетті. 1992 жылы тәуелсіздік алғаннан кейінгі аз уақыттың ішінде «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңның қабылдану себебі де сол болатын. Өйткені, ол өз саласында қоғамды түрлі қыспақтардан қорғауға әсер етуі тиіс еді. Ол дер кезінде қабылданған құжат болғанымен, кемшін тұстары да аз болмады. Соны пайдаланған түрлі дәстүрлі емес діндердің ағымдары, олардың ішінде қоғам дамуына, ұлттық қауіпсіздігімізге, адамдардың денсаулығына кері әсер ететін діни ұйымдар елімізде көбейіп, көңіл алаңдатарлық жағдайға жетті деп айтуға болады.

Мәселен, тәуелсіздік жылдарының басында ел аумағында барлығы 300-ге жуық діни бірлестік болса, 2010 жылдарға қарай олардың саны 4500-ге жеткен. Солардың кейбірі сол кездегі қолданыстағы заңның әлсіз тұсын пайдаланып, елдің ішінде іріткі салуға әрекет ете бастаған. Әсіресе, тіркелу мәселесінің барынша солқылдақтығы, сырттан келетін миссионерлерге шектеулердің болмауы, олардың әкеліп, таратып жатқан діни әдебиеттерінің мазмұнына ешкімнің назар аудармауы, міне осының бәрі діни бағыттағы ахуалдың барынша күрделенуіне жол берді. Тіпті, дін саласымен айналысатын уәкілетті мемлекеттік органның да түрлі министрліктерге беріліп келуі бұл істерді реттеуде тұрақты мүмкіншілік тудырмады. Осылардың бәрі, сайып келгенде, жоғарыда айтқан кемшіліктерді туғызды.

Сондықтан осыдан бұрын қабылданған құжатты қайта қарап, толықтырып, өркениетті мемлекеттің заңнамалық нормаларына жақындатып жетілдіру қажет. Дін туралы жаңа заңды дайындау шаралары 2006-2009 жылдары өте қарқынды, жан-жақты жүргізіліп, 2011 жылдың аяғында қабылданғанға дейін көп уақыт алды. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңда қоғамның күтіп отырған басты-басты мәселелері айқындалып, біздің қалыптасқан діни наным-сенімімізге, бағзы дәуірден басталатын дәстүрімізге, отбасылық ынтымағымызға кедергі келтіріп, түрлі жолдарға итермелейтін зиянды діни ағымдарға тыйым салуға үлкен көмек болды. Құжатқа зиянды ағымдардың жұмысына өркениетті жолмен тосқауыл қоя алатын тетіктер енгізілді деп айта аламын. Ол–діни бірлестіктер мен миссионерлердің қайта тіркелуін талап етіп, реттейтін норманың енгізілуі. Әрине, бұл құжат төрт құбыласы түгел заңнама ретінде ғасырлар бойы өміршеңдігін жоғалтпайды деуге келмейді. Оның да жетілдіруді қажет ететін тұстары болуы мүмкін.

Қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң дін саласында жауапкершілік қатынастардың қалыптасуында өз міндетін орындады. Дегенмен, 2011 жылдан бері дін саласында әлемдік деңгейдегі жағымсыз үрдістер күшейе түсті. Дін саласына қатысты соңғы жылдары әлемде орын алып жатқан құбылыстар қоғамдық қатынастар жүйесі мен мемлекеттік құрылымды түбегейлі өзгертіп жіберуі мүмкін екенін көрсетуде. Біздің елімізде қоғамның жағдайы мен оның діни саладағы сұраныстары өзгерді. Діншіл адамдардың үлесі артты, діни аудиторияға шетелден ықпал ету едәуір күшейді. Бұған ақпараттық кеңістіктің ашықтығы және жаһандану процестері әсер етуде. Сондықтан дамуымыздың жаңа кезеңінде діни қатынастарды реттеудің құқықтық тетіктерін жетілдіру заман талабына айналып отыр.

Бұл мәселенің қазіргі жағдайдағы өзектілігін ескере отырып, Үкімет діни қызмет саласындағы заңнаманы, атап айтқанда, «деструктивті діни ағым» және «діни радикализм» ұғымдарын енгізу, деструктивті діни ағымдарды ұстанушылармен оңалту жұмысын заңнамалық қамтамасыз ету, діни әдебиеттерді, ақпараттық материалдар мен діни мақсаттағы заттарды таратуға мүмкіндік беретін субъектілердің тізбесін әзірлеу, интернет-ресурстар, қоғамдық орындарда бетті тануға кедергі келтіретін киім заттарын киюге шектеулер енгізу, тағы басқаларын жетілдіруді көздеуде.

Е. АҚБАЙ,
Жамбыл облысы әкімдігі дін істері басқармасының бөлім басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті **2025 жылы 12 маусым күні сағат: 11-00-де** «Путьтранссервис» ЖШС-ның бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметі бойынша тарифі мен тарифтік смета жобасын қарау жөнінде жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау мына мекен-жайда өткізіледі: Шымкент қаласы, Диваев көшесі, 148, 2 қабат.

Анықтама үшін телефондары: Департамент – 8 (7252) 32-15-05.

Жамбыл облысы – ТМРК. «Мойынқұм су жылу» КМК-ның өтінімі бойынша жария тыңдау өткізеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті **2025 жылғы 13 маусым күні сағат 11:00-де** Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі №78, 7 қабат, 720 кабинет «Мойынқұм су жылу» КМК–ның жылу энергиясын өндіру, бері, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне арналған тариф жобасын қарау бойынша жария тыңдау өтетіндігі туралы хабарлайды.

Сонымен қатар, «Мойынқұм су жылу» КМК-ның тұтынушылары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де Департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында жария тыңдауға қатыса алады.

Сілтеме: (https://www.facebook.com/profile.php?id=100050243313758).

КРЕМ - Жамбылская область. О проведении публичных слушаний по заявке КГП «Мойынқұм су жылу»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Жамбылской области объявляет о проведении публичных слушаний по рассмотрению заявки проекта тарифа на услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергии КГП «Мойынқұм су жылу» который состоится **13 июня 2025 года в 11:00 часов** по адресу: Жамбылская область, город Тараз, ул. Желтоксан №78, 7 этаж, 720 кабинет.

Между тем сообщаем, что потребители КГП «Мойынқұм су жылу» и иные заинтересованные лица могут принять участие на публичных слушаниях также и в онлайн режиме на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook».

Ссылка: (https://www.facebook.com/profile.php?id=100050243313758.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті «Алакол су» МКК-ның сарқынды суды бұру қызметі бойынша жария тыңдау **2025 жылғы 04 шілде сағат 10:00-де** Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Қонаев көшесі, 70 ғимаратында өтетінін хабарлайды.

Байланыс телефондары: Департамент – 8 (7282) 24-63-61.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по области Жетісу сообщает о проведении публичного слушания по рассмотрению проекта тарифа на услугу по отводу сточных вод ГКП «Алакол су» **04 июля 2025 года в 10:00 часов** по адресу: Область Жетісу, Алакольский район, г.Учарал, ул.Конаева 70.

Контактные телефоны: Департамент - 8(7282) 24-63-61.

Газетіміздің келесі саны сейсенбі, 10 маусым күні шығады.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркелің, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97

e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 376